

Айыртау аудандық мәслихатының 2023 жылғы 20 қарашадағы № 8-9-2 "Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс және толықтыру енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы мәслихатының 2024 жылғы 5 наурыздағы № 8-12-22 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 7 наурызда № 7706-15 болып тіркелді

Айыртау аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Айыртау аудандық мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының 2023 жылғы 20 қарашадағы № 8-9-2 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7631-15 болып тіркелген) шешіміне мынадай келесі өзгеріс және толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында:

6-тармақтың 1) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"1) 15 ақпан – Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күніне: бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (бұдан әрі – КСР Одағы) үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілеріне, бұрынғы КСР Одағы ішкі істер министрлігінің басшы және қатардағы құрамының адамдарына (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса алғанда) – 35 (отыз бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 2024 жылғы 15 ақпанды қоспағанда, 2024 жылғы 15 ақпанға орай Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығырылуының 35 жылдығын мерекелеуге байланысты-50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

оқу жиындарына шақырылған және Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде жіберілген әскери міндеттілерге – 35 (отыз бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 2024 жылғы 15 ақпанды қоспағанда, 2024 жылғы 15 ақпанға орай Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығырылуының 35 жылдығын мерекелеуге байланысты- 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде осы елге жүк жеткізу үшін жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне – 35 (отыз бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 2024 жылғы 15 ақпанды қоспағанда, 2024 жылғы 15 ақпанға орай Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығырылуының 35 жылдығын мерекелеуге байланысты-50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмалармен ұшқан ұшу құрамының әскери қызметшілеріне – 35 (отыз бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 2024 жылғы 15 ақпанды қоспағанда, 2024 жылғы 15 ақпанға орай Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығырылуының 35 жылдығын мерекелеуге байланысты- 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ауғанстандағы кеңестік әскери контингентке қызмет көрсеткен, жарақат, контузия алған немесе мертліккен не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған жұмысшылар мен қызметшілерге – 35 (отыз бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 2024 жылғы 15 ақпанды қоспағанда, 2024 жылғы 15 ақпанға орай Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығырылуының 35 жылдығын мерекелеуге байланысты- 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметін өткеру кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілеріне –35 (отыз бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 2024 жылғы 15 ақпанды қоспағанда, 2024 жылғы 15 ақпанға орай Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығырылуының 35 жылдығын мерекелеуге байланысты- 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

басқа елдердегі майдандағы әскери контингенттерге қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдары жүргізілген кезеңде жаралануы, контузия алуы, мертігуі не ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген тиісті санаттардағы жұмысшылар мен қызметшілеріне – 35 (отыз бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жаралану, контузия алу, мертігу, ауру салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына – 35 (отыз бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1992 жылғы қыркүйек – 2001 жылғы ақпан аралығындағы кезеңде Тәжікстан-Ауғанстан учаскесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын күзетуді күшейту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес

міндеттерді орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне – 35 (отыз бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2003 жылғы тамыз – 2008 жылғы қазан аралығындағы кезеңде Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне – 35 (отыз бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1986– 1991 жылдар аралығындағы кезеңде Таулы Қарабақтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына – 35 (отыз бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;"

6-тармақ 9) тармақшасымен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"9) 16 желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне: Қазақстан Республикасының қазіргі аумағында өздеріне қуғын-сүргіндер қолданылғанға дейін тұрақты өмір сүрген адамдарға, Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, оларға қатысты қылмыстық істерді қараудың қолданыстағы тәртібі сақталатын – 200 000 (екі жүз мың) теңге мөлшерінде.";

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2024 жылғы 15 ақпаннан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға таратылады.

*Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық
мәслихатының төрағасы*

Г. Абулкаирова